

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит методологиясы департаменті туралы ережені бекіту туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 26 маусым N 1026. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.29. N 878 қаулысымен. ~P990878

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылға 4 наурыздағы N 3377 U973377\_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 69-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы

е т е д і :

1

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ күшін жойды - ҚРУ-нің 1997.12.18. N 1777  
қаулысымен P 9 7 1 7 7 7 \_ .

2. "Аудиторлық қызметті лицензиялау туралы ереже мен біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 ақпандағы N 274 қаулысына P970274\_ (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 9, 65-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Аталған қаулымен бекітілген Аудиторлық қызметті лицензиялау

туралы ережеде және аудиторлық қызметті лицензиялауға біліктілік талаптарына;

мәтіндегі "Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - БЕҰК)", "БЕҰК" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит методологиясы департаменті (бұдан әрі - Департамент)", "Департамент", "Департаментіне", "Департаментте", "Департаменттің", "Департамент" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 26 маусымдағы  
N 1026 қаулысымен

## бекітілген

# Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит методологиясы департаменті (Қаржыминің бухесеп және аудит департаменті) туралы **ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит методологиясы департаментінің (бұдан әрі - Департамент) қызметінің құқықтық негіздерін, оны ұйымдастыру принциптерін, оның жүйесі мен өкілеттіктерін айқындаиды.

### I. Жалпы ережелер

1. Департамент Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрамына кіретін, заңды тұлға мәртебесі бар, Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін реттейтін, есептің негізгі принциптері мен жалпы ережелерін, ішкі бақылау мен сыртқы аудит талаптарын белгілейтін мемлекеттік орган болып табылады.

2. Департамент өзінің құрылымына кіретін облыстардағы басқармалармен бірге Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп пен аудитті реттеудің бірыңғай жүйесін құрайды.

### II. Департаменттің құқықтық негіздері

3. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің нормативтік құқықтық және өзге де актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Департаменттің бухгалтерлік есеп және аудит саласында қабылдаған нормативтік құқықтық актілері заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын барлық заңды және жеке тұлғалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген резидент еместердің филиалдары мен өкілдіктерінің орындауы үшін міндettі болып табылады.

### III. Департаменттің негізгі міндеттері

5. Департаменттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

республикада бухгалтерлік есепті дамыту және оны бухгалтерлік есептің халықаралық жүйесімен кіріктіру;

бухгалтерлік есеп пен аудиттің, қаржылық есептіліктің және оның экономиканың барлық саласы үшін үйлестірілуінің методологиясын айқындау;

экономиканың барлық саласы ұйымдарының бухгалтерлік есебінен жай-күйіне зерттеулер, талдау және бақылау жүргізу;

бухгалтерлік есеп және аудит саласында зандарды қолдану практикасын талдау мен қорыту, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу;

бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің қамтамасыз ету және қабылдау;

бухгалтерлік есеп пен аудит жөніндегі заң және нормативтік құқықтық актілердің орындалуына бақылауды қамтамасыз ету;

аудиторлық қызметті лицензиялау;

республикада кәсіби бухгалтерлерді сертификаттау (аттестациялау);

өз құзыретінің шегінде халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге, бухгалтерлік есеп пен аудит саласында халықаралық ұйымдардың өзара іс-қимылы мен ынтымақтастырын ұйымдастыруға қатысу;

өз қызметін жақсарту жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізу;

зандармен өзіне жүктелген өзге функцияларды жүзеге асыру.

#### I V .      Функциялары

6. Алға қойылған міндеттерге сәйкес Департамент:

Казақстан Республикасы экономикасының барлық салалары үшін бухгалтерлік есеп пен аудиттің методологиясын әзірлейді;

бухгалтерлік есеп пен аудиттің стандарттарын, қаржы шаруашылық қызметті бухгалтерлік есепке алу есептерінің жоспарын, қаржылық есептілік форматтарын бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес бекітеді, өзгертеді және жояды;

Казақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен аудиторлық қызметті лицензиялады;

кәсіби бухгалтердің сертификатын береді;

бухгалтерлердің кәсіптік қызметінің жаңа түрлерін, сондай-ак осындай қызметтің ережелері мен стандарттарын айқындаиды;

өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсініктемелер береді;

белгіленген тәртіппен баспа басылымдарын құрады;

бухгалтерлік есеп пен аудит қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады.

## V. Құқықтары

### 7. Департаменттің:

бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік, аудит саласында нормативтік құқықтық актілер шығаруға, сондай-ақ жеке және занды тұлғаларға олардың орындауы міндettі нұсқаулар беруге;

өз құзыретінің шегінде мемлекеттік кәсіпорындарды және өзге де ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорынның құрылтайшысы болуға, олардың жарғыларын бекітуге, кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болуға, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыруға, олардың басшыларын тағайындауға;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдардан және азаматтардан белгіленген тәртіппен ақпарат сұратуға және алуға;

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелері жөніндегі зандарына қайши келетін нормативтік актілердің күшін тоқтата тұру немесе оларды жою туралы Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне, орталық атқарушы органдарға ұсныстар енгізуға;

зандарда белгіленген тәртіппен аудиторлық қызметті лицензиялауды жүзеге асыруға;

бухгалтерлік есеп стандарттарын қараудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында министрліктер мен ведомстволардың, ұйымдардың мамандарынан, ғалымдардан Бухгалтерлік есеп жөніндегі сараптама кеңесін құруға;

қолданылып жүрген зандарға сәйкес басқа өкілеттіктерді пайдалануға құқығы бар.

## VII. Жұмысты ұйымдастыру

8. Департаментті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын Директор басқарады.

9. Департамент директорының Департамент директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындастын және

қызметтөн босататын орынбасары болады.

10. Департамент директоры Департаментке басшылық жасайды және департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларының жүзеге асырылуына жеке жауап береді.

Осы мақсатта Департамент Директоры:  
өз орынбасарының және Департаменттің құрылымдық бөлімше басшыларының, сондай-ақ облыстық басқарма басшыларының міндеттері мен жауаптылық дәрежесін белгілейді;

өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Департаментті білдіреді;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелері жөніндегі мұддесін халықаралық деңгейде білдіреді, бухгалтерлік есеп пен аудит бойынша конференциялар ұйымдастырады және оларға қатысады;

Департаменттің бухгалтерлік есеп мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер, анықтамалық-әдістемелік және ақпараттық материалдар шығаруына басшылық жасайды;

бухгалтерлік есеп пен аудит жөніндегі заң және нормативтік құқықтық актілердің енгізілуіне және орындалуына бақылауды ұйымдастырады;

көмек көрсету және консультациялар беру үшін бухгалтерлік есеп пен аудит саласындағы мамандарды тартады;

аудиторлық қызметті лицензиялау бойынша басшылықты жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен лауазымдар номенклатурасына сәйкес Департамент қызметкерлерін қызметтегенде тағайындауды және қызметтөн босатады;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар, өкімдер шығарады;

Департаменттің құрылымдық бөлімшелері және оның облыстық басқармалары туралы ережелерді бекітеді;

өз құзыретіне кіретін басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

11. Департаментте оның мамандарынан бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелер жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің қарайтын және бекітетін Кеңес құрылады. Кеңестің құрамын Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді.

12. Департамент занды тұлға болып табылады, оның банктерде шоттары бланкілері және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі болады.

13. Департаменттің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді. Департаменттің және оның аумақтық органдарының аппараттарын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық

бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін ұсташаға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

14. Департаментті тарату және қайта ұйымдастыру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК